

«Обаған жалпы білім беретін мектебі» КММ
Тәрбие жұмысының қорытындысы
2024-2025 оқу жылы

Мектептегі тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы оқу –ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына сәйкес жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру мақсатында жүзеге асырылуда.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»–

ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген, саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру;

Міндеттері:

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту;
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру;
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау;

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасын татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Өрісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыстамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін, ның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1. Тәуелсіздік және отаншылдық
2. Әділдік және жауапкершілік
3. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

4. Бірлік және ынтымақ;
5. Заң және тәртіп;
6. Жасампаздық және жаңашылдық;

Республикалық және облыстық жобалар жүзеге асырылуда:

- «Қамқор»;
- «Ұшқыр ой алаңы»;
- «SMART BALA»;
- «Шабыт»;
- «Еңбегі адал - жас өрен»;
- «Балалар кітапханасы»;

Құндылықтар: Тәуелсіздік және отаншылдық, әділдік және жауапкершілік, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, бірлік және ынтымақ, заң және тәртіп, жасампаздық және жаңашылдық және **жобаларды басшылыққа ала отыра 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жоспары құрылып, басты мақсат, міндеттерді жүзеге асыруда тәрбие жұмысында жоспарға сәйкес барлық іс-шара ұйымдастырылды.**

Мектептің оқу - тәрбие жоспарында көрсетілген « Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бағытындағы жұмыстар негізінен сабақтарда, сынып сағаттарында, сыныптардың тәрбие жұмыс жоспарында , әлеуметтік педагог, кітапханашы, психолог және « Жас ұлан » ұйымының жоспарларына енгізіліп, мектептің кешенді тәрбие жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде..

2024-2025 жылы 34 сағаттан құрылған сынып сағаттарының күнтізбелік - тақырыптық жоспарлары бекітіліп, әр тоқсанға бөлініп жұмыс жасалуда. Сынып сағаттарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша құндылықтармен жұмыс жасалып, дәйек сөздермен үнемі түсіндірілу жұмыстары жүргізіліп, жүзеге асырылуда. Сынып сағаттарында «Алғыс – ізгі ниет», «Наурыз – жыл басы», «Мен адалдықты жақсы көремін!», «Цифрлық әлемге қауіпсіз қадам», «Ұлы Жеңіске 80 жыл», «Бірлігіміз жарасқан!» т.б тақырыптар өткізіліп, қауіпсіздік сабақтары күнделікті сынып сағаттарында жүргізілуде.

Тәрбие жұмысының жоспарына сай ата –аналармен педагогикалық қолдау орталығының сабақтары бағыт беру, кездесулер, тақырыпты талқылаулар, отбасылық мәдениетті дамыту мақсатында жүргізіліп, “Даналық мектебі” клубында «Әке даналығы», «Жеңге кеңесі», «Ата өсиеті», «Аға қамқорлығы» секциялары бойынша жұмыс жасайды. Педагогикалық қолдау сабақтарында әртүрлі тақырыптар талданды. Мәселен,

- 1-4-сынып ата-аналарымен «Отбасылық келісімнің кепілі- сенімді қарым -қатынас», «Баланың өзінің және басқа адамдардың сезімін түсінуге үйрету тәртібі», «Балалардың қауіпсіздігі- ерсектердің қамқорлығы»;
- 5-9-сынып ата-аналарымен «Жасөспірімдердің түсінік алу және қабылдау тәртібі», «Бүлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұруы», «Балаңыз төтенше жағдайға қарсы тұруға дайын ба?»;
- 10-11-сыныптарда «Тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздікке құқық», «Ата-аналардың эмоциялық күйреуі: оны қалай болдырмауға және жеңуге

болады?», «Жеке қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру» тақырыптарында өткізілді.

«Даналық мектебі» клубында да көптеген тақырыптар талданды. «Ағасы бардың жағасы бар», «Бабалар дәтүрі – ұрпаққа өсиет», «Салт – дәстүр туралы» Наурыз мерекесіне байланысты дәстүрлерді насихаттау жұмыстары ата-аналар белсенділігімен іске асырылды. Нәтижесі, өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/DFaLi_DMguq/?igsh=MXc5NmRzMm84dTY5Zg

<https://www.instagram.com/p/DHSo5RPMQuC/?igsh=MWd2Ymt0Nmhzd2U2Zg>

Осы жұмыстармен қатар, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, психологиялық қызметті жандандыру барысында «Біртұтас тәрбие» мәселелері (вейп, нашақорлық, лудомания, діни экстремизм, буллинг, зорлық-зомбылық, сыбайлас жемқорлық т.б), ата-аналар мен қамқоршылық кеңес отырыстарында «Қылмыс бұзушылықтың алдын алу», «Буллинг, кибербуллингінің алдын алу» т.б тақырыптар талданып, ата-аналармен жұмыстар жүргізілуде. Барлық жағдайда ата-аналар мен оқушыларға тәрбие құндылықтарын естен шығармай, жақсылыққа жол бастау мақсатында іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Келеңсіз оқиғалардың алдын алу барысында мектепте түрлі бағыттағы үйірме секциялары жұмыс жасайды. Үйірме мақсатына сәйкес оқушылардың бос уақыттарын тиімді, қызығушылықтарына сай өткізуді қамтамасыз етеді. «Пікірсайыс технологиясы – заман талабы» дебат үйірмесі мүшелері аудандық сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды, «Волейбол» секциясында спорттық жарыстар ұйымдастырылып, қолайлы жағдай туғызылған.

Мектебімізде сынып жеткшілер әдістемелік бірлестігі барлық құндылықты басшылыққа ала жұмыс жасайды. Жыл ішінде әртүрлі тақырыптар талданып отырды, мәселен,

Қаңтар айында «5,6,7,8 сыныптарда жолда жүру ережелерінің орындалуы, сабақта жүргізілген жұмыстар», «Жағымда әдеттерді қалыптастыруда отбасының ролі», «Білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру»,

Наурыз айында «Оқушылардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу шараларын жүргізу деңгейі», «ҚР-ның мемлекеттік рәміздерінің насихатталуы, жасалған жұмыстар» тақырыптары талданып, пікір алмастырылмақ.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығын дамытуда «Кәсіптік бағдар» іс-шаралары барысында ата-аналармен ашық есік күні, «Мен және мамандық» 9-11-сыныптармен ойындар, «Мамандықты таңдау – мансап құрудың алғашқы қадамы ретінде» пікірталас, «Адал еңбек – адал қызмет» сурет байқауы 4-8-сыныптар арасында ұйымдастырылды. Сондай-ақ, сәуір айында «Мамандық таңдау-жауапты іс» тақырыбында апталық өткізілді.

Оқушының сабақтан тыс және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында тәрбие жұмысының басты құндылықтарын бойларына дарыту бағытында және оқушылар арасында теріс діни ағымдардың таралуын қадағалау, құқық бұзушылықтың алдын алу, мектепшілік бақылау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары қарастырылған.

Аталған бағыттар бойынша жыл ішінде іс-шаралар өткізіліп, есебі, анықтамалары, құжаттары, фотосуреттері жинақталған. Қажеттілігіне орай әлеуметтік желіге жүктелген.

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы, дәйексөзі:

1. Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес балаға
(А. Құнанбайұлы);
2. Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл (Ш.Құдайбердіұлы);
3. Өнер үйрен, мамандығыңда мықтысы бол. (Б.Момышұлы)

Білім – бақтың жібермейтін қазығы,
Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы. (М. Әуезов)

1 қыркүйек – «Армысың, Алтын ұя, мектебім», «Мектеп-мейірім мекені» тақырыптарына орайластырылып, Білім күні салтанатты түрде аталып өтіп, Сынып сағаттары кең, ауқымды көлемде ұйымдастырылып, мектеп оқушылары жазғы демалысты қалай өткізгендіктері туралы терең ой қозғалды.



«Мемлекеттік тіл – Қазақстан халықтарын біріктіретін тіл» тақырыбында тілдер меркесі аталап өтті. Мереке қарсаңында:

- «Тілге құрмет – елге құрмет» 5-8-сыныптар арасында сайыс;
- «Тілім- тірегім, соғып тұрған жүрегім!» 2-4-сыныптарда мәнерлеп оқу;
- «Тілге құрмет – баршаға құрмет» тақырыбында бұрыш ұйымдастырылып, қажетті материалдар оқушылар назарына ұсынылды.



https://www.instagram.com/p/C_zwciyg_Bh/?igsh=MWRrcXd3dndsZnMydA==

«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» отбасы күні:

- «Отбасым-бақыт мекені» сынып сағаттары
- «Отбасым- мақтанышым» тақырыбында фото челлендж;
- «Қамқор» жобасы іске асырылып, Тахир Диасқа сабаққа қажетті құрал-жабдықтар берілді
- «Толағай» отбасылық сайыс өткізіліп, сайысқа Наурзбаевтар отбасы, Мадьяровтар отбасы, Онайбаевтар отбасы, Қарамергеновтар отбасы, Жаркеновтар отбасы белсенділік таныта қатысып, марапатталды.



«Буллингтен қорған!» тақырыбына орайластырылып «Буллинг, кибербуллинг туралы не білеміз?» тақырыбында 5-6-сыныптарда түсінік қалыптастыру сағаты ұйымдастырылып, түсініктер беріліп, өз ойларын ортаға салды.



«Денсаулық күні» 1-4-сыныптар, 5-11-сыныптар арасында ұйымдастырылды. Ұйымдастыру барысында эстафеталық жарыстар, арқан тартыс, спорттық әскери ойындар, командалық ойындар өткізілді. Денсаулық күні аясында «Таза Қазақстан!» акциясы жүзеге асырылды.



<https://www.instagram.com/p/DABrGKpgYgo/?igsh=MTNoNGlnb2FhNGdvZw==>

Мектеп парламентінің сайлауы өткізіліп, дауыс беру барысында 6-сынып оқушысы Ғабитқызы Жания мектеп президенті болып сайланды.



«Аналарға мың алғыс» аналар күніне орай фото челлендж ұйымдастырылып, бастауыш сынып оқушылары өз жұмыстарын ұсынды.



Қазан – тәуелсіздік пен отаншылдық айы, дәйексөзі:

1. Отан өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі, өзімізді қадірлей білу (А. Байтұрсынұлы);
2. Атаның баласы болма, адамның баласы бол! (А.Құнанбайұлы)
3. Отанды сүю-отбасынан басталады;
4. Ежелден ел тілегі – ер тілегі,

Адал ұл ер боп туса – ел тірегі! (Б.Момышұлы);

«Қарттарым - қазынам» қарттар күніне орай мерекелік іс-шара өткізіліп, оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, қарт кісілерді қошеметке бөледі. «Қамқор» жобасы іске асырылып, қарттарға қошемет көрсетілді.



Мұғалімдер мерекесі қарсаңында ұстаздарға қошемет көрсетіліп, дублерлар күні өткізіліп, тақырыптық тәнім сәтте құттықтау рәсімі ұйымдастырылды. «Даналық ұстаздан» челленджіне 5-6-сынып оқушылар белсенділік таныта қатысты.



https://www.instagram.com/reel/DAsUKJWqQ_g/?igsh=bmI5bmE4cnp1Mzdh

Қыздар күніне орай «Қыздарға әсемдік жарасады» челленджі өткізіліп, 5-6-сынып қыздары өз жұмыстарын ұсынып, челлендге үлкен дайындықпен келді.



Қазан айында Республика күніне:

- «Шашки, шахмат» спорттық іс-шара;
- «Отаным –алтын бесігім», «Отаным- Тәуелсіздік төрінде» тақырыптарына орай сынып сағаттары;
- «Әнұран – елдігімнің кепілі» акциясында мемлекеттік Әнұранды орындау челленджі;
- «Менің Отаным - Қазақстан» эссе;
- «Ғасырлар бойы жасай бер, Ркспубликам менің» кітап көрмесі;
- «25 қазан – Республика күні» бұрыш;
- «Қазақстаным – гүлдей бер!» сурет байқауы өткізілді.



https://www.instagram.com/p/DBd1_kuAJek/?igsh=MWkwc2hpano3MnVnbw==

«Кел, балалар, оқылық!» кітапханашылар күнінен орай мектеп кітапханасында оқушыларды кітап оқуға шақыру сағаты өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы іске асырылды.



Қараша – әділдік пен жауапкершілік айы, дәйексөзі:

- 1.Ізгілік пен әділдік өлмейді (Сайф Сарайи);
- 2.Әділдік жолын өзің аш (Жүсіп Баласағұн);
- 3.Жауапкершілік – жақсылықтың белгісі;
- 4.Жауапкершілігі мықты адамның келешегі жарқын;

Қараша айында жүргізілген іс-шаралар:

«Алтын күз - 2024»:

- «Күз көріністері» альбом;
- «Күзгі киім үлгісі»;
- «Күз байлықтары» көрме;
- «Қош бол, Алтын күз!» челлендж;
- «Жадыра, жайна!» КВН

Мерекеге барлық оқушылар үлкен дайындықпен қатысты, ата-аналар тарапынан қолдау көрсетілді. Барлық сыныптар марапатталды.

Қамту: 72,



<https://www.instagram.com/p/DAA5-fOADQ0/?igsh=MTd3dmlpa3RxMWdmcQ==>

Ұлттық валюта теңге күніне орай сынып сағаттары өткізілді. «Ұлттық теңге мәртебесі», «Ұлттық валюта - теңге», «Валютаны құрметтеу» тақырыптарына орай түсінік беріліп,

өз ойлары пікірталас ретінде ұсынып, толық түсінік берілді. 7-сыныпта өткізілген сынып сағаты кең көлемде өткізіліп, оқушылар аса қызығушылықпен қатысты. Даярлық сыныбының жетекшісі сабақты өткізу барысында аса үлкен шеберлік танытып, оқушылармен көптеген жұмыстар жүргізілді. Оқушылар өз деңгейлеріне орай көптеген жұмыстарға қатысып, мәліметтер алды.

Қамту: 72



<https://www.instagram.com/p/DCjNtCTMW2u/?igsh=ZXFybXcxNzF4NjI=>

«Патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу» мақсатында қазақстандық шекарашы-қахармандар Раджан Батырқанов пен Руслан Заиевтің ерліктеріне арналған сынып сағаттары өткізілді. Өткізу барысында:

- Батырлық, ерлік жасау дегеніміз;
- Раджан Батркановтың пен Руслан Заиевтің ерліктері, наградалары бойынша таныстырулар;
- Ерлік жасауда елге қызмет т.б материалдар бойынша түсініктер қалыптастырылды.

7-8,10,11-сыныптарда кең көлемде талданып, оқушылар белсенділік таныта қатысты.



<https://www.instagram.com/p/DConkoDs9VY/?igsh=OWVrdmh3eXl1YnE5>

«Бала құқығы – адам құқығы» Халықаралық балаларды қорғау күніне орай сурет байқауы, жаднамалар тарату, бейнебаяндар ұсынылды. «Балалар- басты құндылық» тақырыбында тренинг мектеп психологі тарапынан өткізілді.



«Сырласайық, қыздар!» тақырыбында 7-11-сыныптың қыздары арасында кеңес өткізілді. Кеңес пікірталас түрінде жүргізілді:

Мақсаты: келеңсіз жағдайлардың алдын алу, қыздарға қажетті кеңестер беру, ашық әңгіме жүргізіп, өз ойларын ортаға салу

Берілген мақсатты жүзеге асыру барысында төмендегідей бөлімдер қамтылды:

1. «Қыз бала - қызғалдақ» қыз бала тәрбиесі туралы;
2. «Қызға қырық үйден тыйым» өз ойларын ортаға салу;
3. «Үлгілі қыз болу үшін не істеу керек?» кеңестер беру;
4. «Қыздар болашақ ана» ойларын ортаға салу;
5. «Құрбыңызға кеңес беріңіз...» пікірталасу;
6. «Есті қыз етегін жабады» ой салу

Қамту: 9

<https://www.instagram.com/p/DC3LeDDosu-/?igsh=em8xZjNsN2NvMDlx>



«16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні» барысын атап өтуде:

- «Мейірімділік шапағаты» сынып сағаттары;
- «Шеберлікпен шыңдалған» көрме;
- «Өмір қымбат маған» сурет байқауы;
- «Өз өмірім – өз қолымда» тренинг;
- «Қамқорлық – сыйластықтың белгісі» акция;
- «Қауіпті жағдайлардан сақтанайық!» мемлекеттік қызметкерлермен диалог сағаты;
- «Толеранттылық қарым -қатынас» бейнебаян ұсынылды.



Тәуелсіздік күніне орай көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды:

«Мақтанышым - елдігім», «Жетістігімді еліме арнаймын!» тақырыбында челлендж өткізіліп, оқушылар өз ойларын әлеуметтік желіге ұсынды.



«Көмек беру», «Қамқорлық сыйластықтың белгісі» акциясы барысында көмекті қажет етілетін оқушыларға қажетті құрал-жабдықтар берілді. Акция барысына еріктілер тобы мектеп мұғалімдеріне көмек беріп, өз ұсыныстарын білдірді.



<https://www.instagram.com/p/DDhaLWmMxlh/?igsh=MW5iMHEweGZ2ejB3MA>

«Жігіт сұлтаны - 2024» жігіттер арасында Тәуелсіздік мерекесіне орай байқау өткізілді. Байқауға жоғары сынып оқушылары қатысты. Байқау барысында:

- 1- бөлім: «Тегімді менің сұрасаң»;
- 2 - бөлім: «Білімді мыңды жығар» сұрақ-жауап;
- 3 - бөлім: «Жігітке жеті өнер де аз» өз өнерлерін көрсету;
- 4 – бөлім: «Жүйрікке тұсау жоқ!» ұлттық ойындар;
- 5 – бөлім: «Тығырыққа тірелгенде» түйме қадау;
- 6 – бөлім: «Бабадан қалған бұл мұра» қамшы, арқан өру;
- 7 – бөлім: «Ұлттық киім – асыл мұра» ұлттық киім үлгілері
- 8 – бөлім: «Ата жолы – ақ бата» бата беру

Байқауға Исмагул Мадиді, Нұрғожа Жанарыс, Бекбаев Альдияр, Досай Ердос, Мырзашев Нұрасыл қатысып өз өнерлерімен көпшіліктің көңілінен шықты. Оқушылар марапатқа ие болып, номинациялар берілді.



<https://www.instagram.com/reel/DDgeHzko9av/?igsh=MXEzNXp6OXZ3dWlmNA>

Қамту: 45

Сынып сағаттары «Тәуелсіздігім - мақтанышым» тақырыбына байланыстырылып, өткізілді. Өткізу барысында:

- Тәуелсіздік тарихы, шежіресі;
- Желтоқсан құрбандары;

- Елдігімізді құрметтеу, Тәуелсіздігімізді мақтан ету т.б тақырыптар талданды.

Қамту: 72



<https://www.instagram.com/p/DDejejsECn/?igsh=MTd1cHFvcDBlZWd5MA>

Сурет байқауы «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбында өткізіліп, 1-6-сынып оқушылары қатысты. Байқауға бастауыш сынып оқушылары белсене қатысып, өз ойларын қағаз бетіне түсірді.



«Жаңа Жыл» мерекесіне оқушылар үлкен дайындықпен келді. Мерекеде:

- Мерекелік ән-шашу;
- Флешмоб;
- Породия;
- Қойылымдар;
- КВН - дар ұсынды.

Мерекеге ата-аналар да белсене қатысып, оқушыларға қолдау көрсетті.



https://www.instagram.com/p/DD_1GPoMES-/?igsh=MWFkZmduNW1wMjAxNA

Қаңтар «Заң мен тәртіп» айы, дәйек сөзі:

- 1 Апта: Талап бар жерде тәртіп бар;
- 2 Апта: Тәртіп – тәрбие бастауы;
- 3 Апта: Әділ заң –аспан тірегі;
- 4 Апта: Тәртіпсіз ел болмайды;

6-15.01.25 аралығында «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» плакаттар байқауы 5-11-сыныптар арасында өткізіліп, оқушылар өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, құнды жұмыстар ұсынып, адами құндылықтарды дәріптей білді. Қамту: 20



https://www.instagram.com/p/DFb4C_Noamm/?igsh=ZzV2a3JjZmNuMDc0

13.01.25 күні «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 5-7-сыныптар арасында әңгіме өткізіліп:

- Құқық бұзушылық деген не?
- Менің құқықтарым;
- Құқық – тәртіп;
- Тәртіп бұзған жағдайда не істейміз? т.б сұрақтар талданып, тәртіпті сақтау барысында кеңестер берілді. Қамту: 28



<https://www.instagram.com/p/DFeeznloyDa/?igsh=MzQ2dHd1MnR4bHBz>

20.01.25 күні «Буллинг, кибербуллингтен аулақ бол!» тақырыбында 6-7-сыныптарда мектеп психологі мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан пікірталас өткізілді. Пікірталас барысында:

- Буллинг бұл...өз ойларын қағаз бетіне түсіру;
- Кибербуллинг бұл... өз ойларын қағаз бетіне түсіру;
- «Буллинг неден туындайды?» өз ойларын ортаға салу;
- Буллинг, кибербуллингке кездескен жағдайда не істер едіңдер? Ой бөлісу жұмыстары жүргізіліп, жұмыс өз мақсатына жетті. Қамту: 18



20-24.01.25 аралығында «ЖЖЕ білеміз бе?» тақырыбында бұрыш, сурет байқауы ұйымдастырылып, оқушыларға ЖЖЕ жайында қажетті материалдар таратылды. Қамту: 70



<https://www.instagram.com/p/DFFDLXaMOpb/?igsh=ejcxbmQyZ205ZGZm>

29.01.25 күні Мамандықтар марафоны «Мен және мамандық» 9-11-сынып оқушыларымен пікір алмасу сағаты өткізіліп:

- Мамандық дегеніміз не?
- Мамандық таңдаудың басты қағидалары;
- Саусақтар арқылы мінез анықтау тесті;
- «Әріптерден басталатын мамандық» жаттығуы;
- Қажетті мамандықтар;
- Болашақ мамандығымды таңдаймын... бөлімдері бойынша жұмыс жасап, өмірге нық қадаммен, өз қалауларымен аяқ басатындықтарына көз жеткізді. Қамту:15



<https://www.instagram.com/p/DFafkMXMERU/?igsh=MTBmbzZyMnV4ZW43bA>

Ақпан «Жасампаздық және жаңашылдық» айы, дәйек сөзі:

- 1 Апта: Жасампаздық – бәрімізге өнеге
- 2 Апта: Шығармашыл бала – ойлы бала
- 3 Апта: Өнерлі бала – өрге жүзер
- 4 Апта: Жаңашылдық – заман талабы

3-12.02.25 аралығында «Ару - 2025» фотоколлаж байқауы 6-9-сыныптарда ұйымдастырылып, мектеп қыздары өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың негізгі мақсаты қыздар арасында сұлулықты дәріптеу, өмірге деген қызығушылықтарын арттыру, жаңашыл идеялар ойлап табуға баулу болып табылды.



12.02.25 күні «Буллинг деген не?» кеңес беру сағаты 1-4-сыныптарда өткізіліп:

- «Буллинг» ұғымымен таныстыру;
- Буллинг жасау;
- Баланы кінәлау;
- Баланы жәбірлеу туралы кеңестер беріліп, алдын алу мақсатында жүргізілді. Қамту: 18



<https://www.instagram.com/reel/DF9oclJMKm1/?igsh=eTA0MWo1endkcGRo>

14.02.25 «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясы өткізіліп, оқушылар бір-біріне кітап тарту етіп, жұмыс өз мақсатына жетті. Қамту: 23



<https://www.instagram.com/reel/DGC7LcGs5yz/?igsh=bTk5aTVwdGt5emsw>

26. 02.24 күні «Темекі шегудің, вейптің, алкогольдің және есірткінің зияны» сурет байқауы және «Салаутты өмір салты» челленджі барысында «Есірткінің зияны» туралы жұмыстар ұсынылып, волейбол жарысы өткізілді. Челленджге 6-9-сыныптар қатысты. Өткізу барысында денсаулықты сақтау, болашаққа денсаулықпен қадам басу мақсаты көделіп жүргізілді. Қамту: 30



<https://www.instagram.com/reel/DFmfbsDsBaP/?igsh=aDY4NnRpZHA5ZjNh>

Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық» айы, дәйек сөзі:

1. Апта: «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...» (Б.Момышұлы)
2. Апта: «Тәуелсіздік тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»
3. Апта: «Ар – намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»;
4. Апта: «Патриотизмі жоқ халық, жаны жоқ тәнмен тең»

1 наурыз «Алғыс – ізгі ниет» алғыс айту күні барлық сыныптарда алғыс айту челленджі кең көлемде өткізілді. Шағын орталық бүлдіршіндерін мерекемен құттықтап, алғыс білдіруді ерекше атап өтуге болады. Қамту: 100



<https://www.instagram.com/reel/DG2o6LOsYuS/?igsh=YXcxZTZjOWZza3R1>

6.03.25 күні «Ананың аялы алақаны» челленджі және «Ару көктем» байқауы өткізілді. Байқау кезеңдері:

1. Мерекелік ән – шашу;
2. Сәлемдесу;
3. «Ақылдың кені» сұраққа жауап беру;
4. «Балдан тәтті екен-ай» салаттар жасау, нан ысу;
5. «Қыз көркі-шашында» сәндік шаш үлгілерін жасау;
6. «Көңілді қыздар мәресі» ұлттық ойындар, пазл құрастыру бойынша жұмыстар жасады.

Мерекеге ата – аналар да ат салысты. Қатысушылар марапатталды.

Қамту: 50



<https://www.instagram.com/reel/DG3GVlrsPyx/?igsh=NWllcjV1azU4MDBp>

13-17.03.25 аралығында «Тәуелсіздік жеңісім мен жемісім» тақырыбында 6-8 сынып оқушылары арасында эссе жазу жұмысы жүргізілді. Эссе барысында Тәуелсіздігімізді мақтан ету, отанымызды құрметтеу, патриот болуға үйрету мақсатына көзделе ұйымдастырылды. Қамту: 10

18-20.03.25 аралығында Кең көлемде ұйымдастырылған іс-шара Наурыз мерекесін атап өтуге болады. Мереке барысында:

- Мерекелік ән-шашу;
- Наурыз дастарханы;
- Ұлттық салт-салт дәстүрлер;
- Ұлттық ойындар;
- Әжелер мен аналар кеңесі іс-шаралары;

Осы жұмыстармен қатар, ата-аналар, оқушылар, ұстаздар «Наурызнама» күнтізбелігі бойынша «Көрісу күні», «Қайырымдылық күні», «Шаңырақ күні», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні», «Жыл басы», «Тазару күні» байланысты іс-шараларға ат салысып, жоғары деңгейде өткізілді.

Барлық мектеп ұжымы, ата-аналар, оқушылар аса үлкен дайындықпен келіп, мерекеге ат салысты. Қамту: 120

Сәуір «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы, дәйек сөзі:

- 5 Апта: Еңбекқорлық – қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап;
- 6 Апта: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді;
- 7 Апта: Болашағы жоқ мамандықтар жоқ, тек болашаққа зор мамандар бар;
- 8 Апта: Білікті білім жинап кәсіп етер, Білімнің дәмін татып өсіп-өнер;

2-3 аптада «Мамандық таңдау – жауапты іс» кәсіптік бағдар іс-шаралары барысында апталық өткізілді. , Апталық барысында «Мамандықтар әлемінде» 1-4-сыныптар альбом, «Мамандықтар жылы -2025» бұрыш, «Менің сүйікті - мамандығым» сурет байқауы 4-8-сыныптар, «Мамандық таңдауға жол ашайық!» тренинг, «Мамандықтар туралы не білеміз?» сынып сағаттары, «Мамандықтар әлемінде» челлендж 5-11-сыныптар арасында ұйымдастырылды.





<https://www.instagram.com/reel/DIIxFoslLV/?igsh=MWw3cG0yNzVhd2ZtMQ>
<https://www.instagram.com/reel/DIIxFoslLV/?igsh=MWw3cG0yNzVhd2ZtMQ>

Дүниежүзілік денсаулық күніне орай ұлттық ойындар мен смарт ойындар өткізілді:

- Тоғызқұмалақ;
- Оқтау тартыс;
- Қол күрес;
- Сақина тастау;
- Орамал лақтыру;
- Асық ату;
- Смарт ойындары өткізілді. Мектеп оқушылары смарт ойындарын ойнауда аса белсенділік танытты.



<https://www.instagram.com/p/DIJpqblshUZ/?igsh=MWphdzhlYjU5a3Vxdg>

Сәуір айында ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне орай ескерткіштерді тазарту жұмыстары ұйымдастырылды.

Қамту: 105



<https://www.instagram.com/p/DI01I13sC9H/?igsh=ZmNpZWl5c2R3bWU=>

Мамыр «Бірлік пен ынтымақ» айы, дәйек сөзі:

1. Апта: Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ;
2. Апта: Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ;
3. Апта: Жалғанда ойлап тұрсаңда бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек (Төле би)
4. Апта: Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп;

1 мамыр мерекесіне орай «Бірлігіміз жарасқан мықты елміз!» тақырыбына орайластырылып 28-30.04 аралығында сынып сағаттары өткізіліп, еліміздегі ұлттар достығы, бірлігіміз туралы толық ақпараттар бере жұмыс жасады.

Қамту: 90



https://www.instagram.com/p/DI_IWBqM04M/?igsh=dXllMTl5ams2a2Zp

Отан қорғаушылар күніне орай мектеп оқушылары Меңдіқара ауданында өткізілген облыстық «Алау» әскери-спорттық ойынына қатысып, «Үздік командир» номинациясына Наурызбаев Елдар ие болды. Сондай-ақ, жоғары сынып оқушылары «Обаған» шекара бекітіне барып, шекарашылармен кездесу барысында ел қорғау ісіндегі көптеген жағдайлармен танысып қайтты.



<https://www.instagram.com/p/DI3HiKpsWqL/?igsh=MWo4MDlvaGV2bGozdA>

9 мамыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай:

- Сынып сағаттары;
- Ескерткіштер маңайын тазарту жұмыстары;
- «Ұлы есімдерді ұмытпаймыз!» кітапханада бұрыш;
- «Мәңгі тағзым!» челленджі;
- «Ұлы Отан соғысының тарихы» мұражайда материалдармен таныстыру іс-шарасы;
- Ескерткіштерге гүл шоқтарын қою жұмыстары;
- «Ешкімде, ешқашанда ұмытылмайды» тақырыбында кітаптар оқу жұмыстары жүргізілді.

Қамту:100



<https://www.instagram.com/p/DI-nYJ2MwML/?igsh=MXJhazJqaXN3ZHRpMg>

Республикалық және облыстық жобалар жүзеге асырылуда:

- «Қамқор»;

- «Ұшқыр ой алаңы»;
- «SMART BALA»;
- «Шабыт»;
- «Еңбегі адал - жас өрен»;
- «Балалар кітапханасы»;

«Қамқор» жобасын іске асыру:

«Қамқор» жобасын іске асыруда «Мектепке жол!» акциясы іске асырылды. Акция барысында «Обаған аулы» және шекара қызметкерлері, аудандық мешіттен көмек көрсетті.



Жыл ішінде еріктілер тобы қарт кісілерге көмекке барды. Қарт кісілерге шаруашылық барысында көмек көрсетті. Қамту: 15



Осы жұмыстармен қатар «Таза Қазақстан», «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!», «Қуаныш сыйлай, білейік!» науқандары өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DFfwZPPMA6h/?igsh=MWtyNDRzdDR1a2lzcQ>

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасын іске асыру:

«Еңбегі ерен- жас өрен» жобасы аясында «Таза Қазақстан», «Айналаға қамқорлық!», «Қоршаған ортаға қамқорлық!», «Еңбек түбі - береке» сурет байқауы, «Жемқорлыққа жол бермейміз!» тақырыбында іс-шараларына мектеп оқушылары мен ұжымы белсенділік таныта қатысты. Сондай-ақ, еңбек адамдарымен кездесулер ұйымдастырылып, болашаққа жол көрсетілді. «Адал ұрпақ» клубы мүшелері әр іске араласып, «Парасатты азамат» бұрышы өзгертіліп отырды.



30.01.25 күні «Еңбегі адал – жас өрен жобасы аясында «Еңбек адамы – біздің анамыз» зейнеткер анамен кездесу өтті. Кездесу барысында анамыз өз еңбек жолы туралы баяндап, еңбектің қаншалықты қажет екендігін айтып, әңгімеледі. Оқушылар өз сұрақтарын қойып, алғыс білдірді. Қамту: 30



<https://www.instagram.com/reel/DFcDacFo6P3/?igsh=MWh2MWlwbGdla2trNw>

«Шабыт» жобасын іске асыру:

«Шабыт» жобасын жүзеге асыруда «Ақындар айтысы-халық қазынасы» тақырыбында түсінік беру, айтыс өнерін дәріптеу, айтыс та өз қалауы бойынша жүзеге асыралатын өнер екендігі туралы ой қозғалып, іс-шара жүргізілді.



4.03.25 күні мектеп оқушылары «Дода» дарынды және шығармашыл балалар лигасы жобасына қатысып I орынды иеленді. Қамту: 8
Сондай-ақ, бұл шаралар мерекелер кезінде үнемі іске асырылуда.

Мектеп оқушылары «Әншуақ», «Домбыра күні» аудандық, республикалық шараларға жоспар бойынша қатысып отырды.

<https://www.instagram.com/p/DHSqUhYM0y-/?igsh=Z3d5NWdhZnExdGwz>

«Ұшқыр ой» алаңы жобасы аясында мектебіміздің «Ұшқыр ой алаңы» командасы 28.02. аудандық дебат турниріне қатысып, II орынды иеленді. Қамту: 3. Барлық жұмыс жоспар бойынша өткізілуде.



«SMART BALA» жобасы аясында ең үздік презентация жұмыстары қаңтар айында жасалып, әр сынып өз қалаулары бойынша презентациялар ұсынды. I орын 7-сынып «Жолда жүру ережесін білеміз бе?», II орын 6-сынып «Дәрумендер», III орын 5-сынып «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыптарында презентация жұмыстары қорғалды. Қатысқан сыныптар марапатталды.

Наурыз айында «Мобильді ойындар» жарысы 5-8-сыныптарда өткізіліп, I орын Мадьяров Нұртас; II орын Мадьяров Абылай иеленді. Қамту: 16



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында:

6-31.01.25 аралығында «Мемлекеттік рәміздер – ел мақтанышы» онкүндігі өткізіліп, мектеп кітапханасында көрме, «Мен білімді баламын» 5-11-сыныптар

арасында сайыс өткізілді.

14 ақпан халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Кітапты сыйға тартамын!» акциясы ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Жырлайды жүрек» атты жыр челленджі Мұқағали Мақатаев оқуларына орай ұйымдастырылды. Қамту: 70

Осы жұмыстармен қатар, «Мен көшбасшы баламын» бейнебаяндар, «Тәуелсіздік таң нұры» челленджерге мектеп оқушылары қатысты.

Күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, қол күрес және т.б ойындар жүргізіліп отырды, арнайы бұрыш жасалынды.



<https://www.instagram.com/p/DBsjVXFtHbE/?igsh=MW94MWdsY2J3OWcyag>

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» үзіліс кезінде мектеп оқушылары асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, орамал лақтыру, оқтау тартыс ойындарын ойнаумен айналысады. Ойын түрлері жаңартылып отыруда. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері ойындарды өткізіп, басшылыққа алуда.



<https://www.instagram.com/reel/DGCpH1moKCf/?igsh=dXBldXY0Zms0cGUz>

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі барысында іс-шаралар өткізіліп, әлеуметтік желілерге жүктелді. «Өнегелі 15 минут» пәндік сабақтарда, сынып сағаттарында, сыныптан тыс іс-шараларда жыл бойы жүзеге асырылуда.



<https://www.instagram.com/p/DHVHdG1MGXI/?igsh=YWYzdW5weXA0d2Z2>

<https://www.instagram.com/p/DHVOC1csrIX/?igsh=MWxoOGpncjU5MXJ0Zw==>



«Үнемді тұтыну» суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар өткізілуде. Мектеп оқушыларын осы тақырыптарға орайластырылып ақпараттық материалдар үнемі таратылуда. Шағын орталық, даярлық сыныптарында «Суды үнемдейік!» тақырыбында әңгіме жүргізілді.



<https://www.instagram.com/p/DFcK7diM-pU/?igsh=OXp4Z2MwNnFueWdl>

<https://www.instagram.com/p/DHVFGTqoToa/?igsh=MWs4NGRyMWhlYWJvZw>



Апта сайын:

«Менің Қазақстаным»— оқу аптасының басында бірінші сабақта және салтанатты мерекелерде білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауда.



<https://www.instagram.com/p/DHVFGTqoToa/?igsh=MWs4NGRyMWhlYWJvZw>



«Қауіпсіздік сабағы» жоспар бойынша өткізіліп, қауіпсіздіктің алдын алу бойынша түсініктер сынып сағатының 10 минутында беріліп отырды.



<https://www.instagram.com/p/DGPgXyJo3cP/?igsh=Y2tiZmJhbjA4NzMz>

<https://www.instagram.com/p/DFXw56tsAMb/?igsh=ZzlnbTdjN2ExZ2h6>



«Күй күмбірі»- қоңырауды күймен соғу, үзіліс кезінде Құрманғазы, Тәттімбет, Адай күйлері оқушылар назарына ұсынылып, тыңдалуда.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жетістіктері:

№	Түрі	Аты -жөні	Орын	Жетекшісі
1	Махамбет оқулары (қыркүйек)	Кусанова Камила Досай Ердос	1 3	Токаева К.З. Такиров О,М.
2	«Дода» облыстық жарыс	Топтық	1	Уразбекова Б.А. Садуова А.М.
3	Аудандық дебат (14.11.24)	Исмагул Мадина Мырзашев Нұрасыл Бекбаева Альдияр	2	Токаева К.З.
4	«Болашақ – сыбайлас жемқорлықсыз жастардың қолында» агитбригадалар байқауы (25.11.24) «Болашақ – сыбайлас жемқорлықсыз жастардың қолында» агитбригадалар байқауы (11.12.24)	Топтық	1 (аудан) 2 (облыс)	Уразбекова Б.А. Садуова А.М.
5	«Менің елім» патриоттық әндер байқауы (25.11.24)	Усман Аяна	1 орын	Уразбекова Б.А. Садуова А.М.
6	«Адамзатқа неліктен адал болуы керек» өлең оқу авторлық байқауы	Абилькасова Акнур	1 орын	Уразбекова Б.А. Садуова А.М.

	(25.11.24)			
7	«Қазақ ертегілеріне саяхат» байқауы (12.12,24)	Топтық	3 орын (облыс)	Ислямғалиева М.С.
8	«Біз өмірді таңдаймыз!» бейнебаян	Исмагул Мадид	3 орын	Уразбекова Б.А.
9	«Коорупцияға жоқ дейміз!» плакаттар байқауы	Досай Сезім	1 орын	Уразбекова Б.А. Садуова А.М.
10	Аудандық дебат (28.02.25)	Мырзашев Нұрасыл Бекбаева Альдияр	2	Токаева К.З. Уразбекова Б.А. Садуова А.М.
11	«Жас мобилограф» мамандыққа жол ашамыз! байқауы	Абилькасова Акнур	1 (аудан)	
12	Ыбырай оқулары (6.02.25)	Абилькаова Акнур Тұрсұн Медина	1 орын	Уразбекова Б.А.
13	Шығармашылық ән байқауы (13.02.25)	Сансызбаева Аружан	2 орын	Уразбекова Б.А. Садуова А.М.
14	«Менің ойларым» байқауы (3.03)	Құлмағанбетова Айкүміс	3 орын	Уразбекова Б.А.
15	«Менің ойларым» байқауы (3.03)	Уразбекова Тұмар	3 орын	Садуова А.М.
16	«Кинолар әлемі» байқауы	Топтық	3 орын	Уразбекова Б.А.
17	«Дода» дарынды және шығармашыл балалар лигасы (4.03.25)	Топтық	1 орын	Уразбекова Б.А.
18	Футбол жарысы (4.03.25)	Топтық	2 орын	Тлеумурзин А.А.
19	ЖЖИ слеты (8.04.25)	Топтық	2	Ислямғалиева М.С. Уразбекова Б.А. Садуова А.М.
20	«Ұзынкөл ауданына 85 жыл» шығарма	Кусанова Камила	1	Уразбекова Б.А.
21	«Алау» облыстық әскери-спорттық ойыны «Үздік командир» номинациясы (23-24.04.25)	Наурзбаев Елдар	1 орын (облыс)	Жолдыбаев А.Т.
22	«Үздік бейнебаян» байқауы	Усман Аяна	3 орын	Уразбекова Б.А. Садуова А.М.

23	«NauryzArt»байқауы	Мадьяров Абылай	1 орын	Уразбекова Б.А.
24	Жазғы спартакиада	Мырзашев Нұрасыл	2 орын	Тлеумурзин А.А.

2024 – 2025 оқу жылының тәрбие жұмысын қорытындылай келе, алдағы уақытта жүргізілетін міндеттері анықталды:

1. Аудандық байқауларға кеңінен қатысу. Жауапты: Уразбекова Б.А. Ислямғалиева М.С.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы жобаларды жандандыру.
Жауапты: Садуова А.М. Ислямғалиева М.С.
3. Спорттық, әскери-спорттық ойындарды кеңінен өткізу. Жауапты: Тлеумурзин А.А. Жолдыбаев А.Т.

